

Дәріс және тәжірибе сабақтарының мазмұны АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ ДӘРІС ТЕЗИСТЕРІ

1 Дәріс Азаматтық құқықтың түсінігі, пәні, әдістері

Азаматтық құқық қатынастарды қоғамдағы мүліктік қатынастар, мүлікпен байланысты жеке қатынастар, мүлікпен байланыссыз жеке қатынастар құрайды. Осы қоғамдық қатынастарды реттейтін құқық нормаларының жиынтығы азаматтық құқық деп аталады.

Қазіргі кезде заң иесінің қызметі аясындағы азаматтық, еңбек және өзге де қатынастардың құқықтық қамсыздандыруы бойынша мәселелердің басым бөлігі, олардың қатысушы, ұйымдастырушы және қызметкердің мәртебесінің анықталуы локальды, бірлескен тәсілмен шешіледі. Локальды норманың жаратылысы туралы мәселе бұрыннан заң әдебиеттерінде талқылануда.

Алғашқы қауымдық құрылыстың өзінде-ақ тайпалар арасында үшінші тұлғалардың экономикалық қатынастарды белгілеу және жүзеге асыруға қатысу қажеттілігі орын алды және бұл қажеттілік үшінші тұлғалардың қатысуы арқылы жүзеге асырылып отырды. Ал азаматтық айналым отбасымен не таппен шектелген кезде, жекелеген тұлғалардың қажеттіліктері тек өзінің не отбасы мүшелерінің еңбегі арқылы қанағаттандырылған және қажеттілік болмағандықтан өкілдік институтын құру идеясы туындамаған болатын. Мемлекет пен құқық пайда болып, еңбекті бөлу тереңдей түсіп, өндіріске ешбір қатыспастан, әрбір екі өндіруші арасында делдал болған және екеуін де пайдаланған көпестер тобының пайда болуы – үшінші тұлғалардың қатысуын құқықпен реттеуді қажет етті.

Былайша алғанда өкілдіктің бір түбірден пайда бола отырып, делдалдық әртүрлі құқықтық институттарды және соның ішінде делдалдықтың әмбебап құқықтық нысаны ретінде өкілдік институтын да қалыптастырады.

Өкілдік белгілі бір деңгейде бастапқыда Египетте, Грецияда, Римде және бірқатар басқа да мемлекеттерде мойындалған болатын./26/ Алайда, Рим заңгерлері кәсіпкерлігінің жоғары деңгейлілігіне, таңдамалылығына және талғамыштылығына қарамастан, өкілдіктің дамыған теориясын жасап шығармады. Бұл Рим экономикасының патриархальді табиғатымен, құлдар еңбегінің кеңінен қолданылуымен түсіндіріледі. Римнің шартты құқығы V -ғасырға дейін үлкен формализммен және шартты байланыстардың табиғатының шектеулі дербестігімен сипатталады. Бөтен тұлға арқылы біздің пайдамызға әрекет ету мүмкін емес деген қағида әрекет еткен./9/ Ал егер бұған құқықтың тұлға автономиясына берген маңыздылығын қоса қарар болсақ, рим құқығында өкілдіктің даму таппағандығын түсінуімізге болады.

Тек юстиниандық дәуірде ғана (527-565) тиісті теорияның пайда болу белгілерін таба аламыз. Рим құқығы прокураторға (procurator) – тапсырыс шартындағы сенім білдірушіге - өкілдіктің жалпы өкілеттілігін береді (өкілдік беруші ретінде әрқашан үлкен отбасы танылады), ал инститорға – кәсіпорынды басқарушыға - өзінің қожайынының мүлкін сатуға байланысты шектелген өкілеттілікті береді/9/. Қатынастар жанама өкілдік қағидасымен қалыптасады: барлық өнімдерді және тіпті оларға үшінші тұлғалар тиісті дәрежеде төлемегендерді де қайтаруға міндетті болатын. Өкілдік мұнда өрескел сипатқа ие еді: прокуратор өзі жасасқан шарт арқылы өкілдік етіп отырған отбасы үшін ешқандай құқық туындатпайтын, керісінше, соңғысы прокуратордың контрактанға қатысты өз міндеттерін орындауының кепілі ретінде көрініс тауып отырды. Өкілдікті рим құқығы ешқашан тапсырысты орындау, оның нәтижесі ретінде танымады; сондықтан өкілдік өз бастауын тапсырыс шартынан алады деп пайымдау қате түсінік болып табылады.

Рим құқығының көптеген догмаларынан айырыла отырып, орта ғасырлық канондық құқық тараптардың еркіне баса назар аудара бастайды. Нәтижесінде, ол шарт жасасу аясында қатаңдана түседі; шарттың дербестік сипаты талабы әлсірей бастайды. Бірақ бұл кезеңде де экономикалық шындық концепциясының дамуын тежей берді және орта ғасырдағы өкілдікті басталу, пайда болу кезеңінде болды деп саралауға болады.

Гуго Гроций (Grotius, Hugo de Groot) (1583-1645), әйгілі голландтық заңгер және мемлекеттік қызметкер, оның мәнін өзгертіп болса да, өкілдіктің теориясын ең алғаш жан – жақты қарастырған тұлға болды. Яғни Гроцийға сәйкес, прокуратор өзіне берілген тапсырысқа сәйкес үшінші тұлғалармен жасасқан шарт арқылы өкілдік берушінің пайдасына құқықтар иеленеді.

Ең алғаш азаматтық құқықта өкілдіктің нәтижелерін бекіте алған Гуго Гроцийдің теориясының маңыздылығын жоққа шығара алмаймыз, бірақ та өкілдік табиғаты бойынша ондай болмаса да, тапсырыс нәтижесі ретінде қарастырылғандығын белгілеу қажет. Гроций теориясының мәні бойынша фикцияға негізделген еді және оған сәйкес, өкіл белгілі бір жерде әрекет еткен кезде, бұл өкілдік беруші сол жерде болды дегенге тең, оның мұндай ерік білдіруі өкілдің тұлғасы арқылы әрекет етеді.

Мұндай жеңілдетілген шешім азаматтық құқықта ең алғаш Германияда 1792 жылы, сонымен қатар 1804 жылы Наполеон Кодексінде пайдаланылды.

Бертін келе Лабан концепциясы неміс сот тәжірибесімен жеңілдетілді де, оған сәйкес өкіл өзіне берілген өкілеттілік шеңберінде тиісті әрекет еткенін, бірақ оларды асыра пайдаланғанын білген немесе білуге тиісті болған үшінші тұлғаның алдында өкілдік беруші жауапты болмайды.

Барлық кодификацияларға белгілі бұл тікелей және жанама өкілдік арасындағы айырмашылықтың бірнеше түрлері бар. Айтар болсақ,

Франция, Германия және Голландияда делдал тек қана кәсіби қызметті жүзеге асыра отырып комиссионер ретінде әрекет ете алады, бірақ өзге де кодификацияларда, мысалға, Швейцарияда, скандинавтық елдерде, Түркияда кәсібилік элементі қажет етілмейді және делдал – комиссионердің әрбір қызметі шарттың осы түрі туралы номалармен реттелінеді. Бір жағынан Францияда комиссия шарты коммерциялық операциялардың барлық түрлеріне таратылады, ал Германияда – тек қана мүлік пен акцияны сату – сатып алуға қатысты ғана.

Канондық құқықтың әсерімен өкілдік коцепциясы құқық саласында көрініс тапты. XI – ғасырдың өзінде принципал агент қызметі арқылы үшінші тұлғалармен тікелей қатынастарға түсе алады деп бекітілінген болатын.

Ал Ұлыбританияда бұл феномен *estoppel* деп аталатын дәстүрлі доктринамен байланысты болды. Бұл теорияның негізгі мәні тапсырыс пен өкілдік арасындағы байланысты ажыратып, тұлға абстрактілі өкілдік базасында жауапкершілікке тартылу мүмкіндігінде болды, ол өз атынан әрекет етіп отырған адамға тапсырысты ешқашан бермесе де.

Негізінен өкілдің және өкілдіктің сөздері өзара сөйлесулер мен қызметтік хат алысуларда кеңінен қолданылады. Бұл терминдер мен түсініктер құқықтың әр саласында қолданылғанымен, бұл ұғымдар бір мағынаны білдірмейді. Орыс тілінің сөздігінде өкілдіктің сөзі үш мағынада көрсетілінген: 1) өкілдің міндеттемелерін жүзеге асыру, біреудің мүддесі үшін әрекет ету, біреудің көзқарасын білдіру; 2) белгілі біреудің мүддесін білдіруші ұйым; 3) белгілі бір органға өкілді сайлау тәртібі, құқығы. Көріп отырғанымыздай, өкілдік сөзінің қолданылуы көпқырлы болып келеді. Сонымен қатар сөздікте сөздердің арнаулы түсінікте қолданылуы толық көлемде ескерілмейтіндігін естен шығармауымыз қажет.

2 Дәріс. Жеке тұлға азаматтық құқықтың субъектісі ретінде.

Әрекетқабілеттілік деп субъектінің тек қана құқықтар мен міндеттерге ие болу қабілеттілігі емес, өзінің әрекеттері арқылы құқықтар мен міндеттерге ие болу қабілеттілігі, оның салдарына жауап беруі және құқықтық қатынастардың қатысушысы болу қабілеттілігімен түсіндіріледі.

Ұсынылып отырған жұмыс азаматтық құқықсубъектілікті құрайтын азаматтық құқықтың субъектілерінің құқық және әрекетқабілеттілігінің қазіргі даму кезіндегі мазмұнын анықтауға қадам жасауға бағытталған. Бұл үшін әртүрлі құқықсубъектілігі туралы теориялар зерттеледі.

Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп жариялады. Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен

бостандықтары танылады және мұны конституциялық міндет ретінде қабылдады. (Конституцияның 12-бабы).

30 тамыз 1995 жылы Қазақстан Республикасының Конституциясы қабылданды және «Адам құқықтары мен бостандықтары әркімгетумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады. Республиканың азаматы өзінің азаматтығына орай құқықтарға ие болып, міндеттер атқарады. Конституцияда, заңдарда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Республикада азаматтар үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттер атқарады. Адамның және азаматтың өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруы басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға, конституциялық құрылыс пен қоғамдық имандылыққа нұқсан келтірмеуге тиіс»- деп бекітті [1, 34 б.].

Қазақстан әлемдік қауымдастықтың мүшесі және халықаралық құқықтың, халықаралық шарттардың жалпыға танымал қағидалардан ескереді. Республика бекіткен халықаралық шарттардың Республика заңдарынан басымдығы болады және халықаралық шарт бойынша оны қолдану үшін заң шығару талап етілетін жағдайдан басқа реттерде, тікелей қолданылады.

Барлық заңдар, Республика қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттар жарияланады. Азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілерді ресми түрде жариялау оларды қолданудың міндетті шартты болып табылады.

Әркімнің құқық субъектісі ретінде танылуына құқығы бар және өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға хақылы.

Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар.

Әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығы бар. Заңда көзделген реттерде заң көмегі тегін көрсетіледі.

Здәріс. Заңды тұлға азаматтық құқықтың субъектісі ретінде.

Меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығындағы оқшау мүлкі бар және сол мүлікпен өз міндеттемелері бойынша жауап беретін, өз атынан мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерге ие болып, оларды жүзеге асыра алатын, сотта талапкер және жауапкер бола алатын ұйым заңды тұлға деп танылады.

Заңды тұлғаның дербес балансы немесе сметасы болуға тиіс.

Заңды тұлғаның өз атауы жазылған мөрі болады.

Заңды тұлғаны бір немесе бірнеше құрылтайшы құруы мүмкін.

Мүлікті меншіктенушілер не олар уәкілдік берген органдар немесе жақтар, ал заң құжаттарында арнайы көзделген реттерде өзге де заңды тұлғалар заңды тұлғаның құрылтайшылары бола алады. Бұл орайда, мүлікті шаруашылық жүргізу немесе оралымды басқару құқығымен иеленетін заңды тұлғалар меншік иесінің немесе ол уәкілдік берген органның келісімімен басқа заңды тұлғалардың құрылтайшылары бола алады.

Заңды тұлғаның құрылтайшылары, Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, осы заңды тұлғаның құрылтайшылары болып табылмайтын оның басқа қатысушыларынан қандай да бір артықшылықтарға ие бола алмайды.

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, заңды тұлға әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өтуге тиіс. Мемлекеттік тіркеу тәртібі заңдарда белгіленеді. Мемлекеттік тіркеу деректері, соның ішінде коммерциялық ұйымдар үшін фирмалық атауы заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік регистріне енгізіледі. Заңды тұлға мемлекеттік тіркеуден өткен кезден бастап құрылды деп саналады.

Заңды тұлға құрудың заңда белгіленген тәртібін бұзу немесе оның құрылтай құжаттарының заңға сәйкес келмеуі заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеуден бас тартуға әкеліп соқтырады. Заңды тұлға құрудың тиімсіздігін желеу етіп тіркеуден бас тартуға жол берілмейді.

Мемлекеттік тіркеуден бас тартқаны, сондай-ақ мұндай тіркеуден жалтарғаны үшін сотқа шағым берілуі мүмкін.

Заңды тұлға мынадай жағдайларда: жарғылық капиталының мөлшері азайтылған; атауы өзгергенде; шаруашылық серіктестіктеріндегі қатысушылардың құрамы өзгергенде (шаруашылық серіктестігі қатысушыларының тізілімін жүргізуді бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушысы жүзеге асыратын шаруашылық серіктестіктерін қоспағанда) қайта тіркелуге тиіс.

1) Заңды тұлға өз қызметін жарғысы және құрылтай шарты негізінде, немесе егер заңды тұлғаны бір тұлға құрған болса, жарғысы және заңды тұлға құру туралы жазбаша түрде ресімделген шешімі (жалғыз құрылтайшының шешімі) негізінде жүзеге асырады. Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда, коммерциялық ұйым болып табылмайтын заңды тұлға ұйымдардың осы түрі жөніндегі жалпы ережелер негізінде іс-әрекет жасай алады.

Шағын, орта және ірі кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын заңды тұлға өз қызметін Қазақстан Республикасының Үкіметі мазмұнын белгілейтін үлгі жарғының негізінде жүзеге асыра алады.

Заңды тұлғаның құрылтай шарты жасалады, ал жарғысын құрылтайшылары бекітеді. Егер коммерциялық ұйымның құрылтайшысы бір адам болса, құрылтай шарты жасалмайды.

Құрылтай шартында тараптар (құрылтайшылар) заңды тұлға құруға міндеттенеді, оны құру жөніндегі бірлескен қызмет тәртібін, оның меншігіне (оралымды басқаруына) өз мүлкін беру және оның қызметіне қатысу ережелерін белгілейді. Азаматтық кодексте немесе заңды тұлғалардың жекелеген түрлері туралы заң актілерінде өзгеше көзделмесе, шартта құрылтайшылар арасында таза табысты бөлудің, заңды тұлға қызметін басқарудың, оның құрамынан құрылтайшылардың шығуының шарттары мен тәртібі де белгіленеді және оның жарғысы бекітіледі.

Құрылтай шартына құрылтайшылардың келісуі бойынша басқа да ережелер енгізілуі мүмкін.

Жалғыз құрылтайшының шешімі мүліктерді меншікке беру (шаруашылық жүргізу, оралымды басқару) шарттарын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де шешімдерді қамтуға тиіс.

Жалғыз құрылтайшының - заңды тұлғаның шешімін Қазақстан Республикасының заңдарына және осы заңды тұлғаның жарғысына сәйкес оның осындай шешім қабылдауға құқығы бар органдары қабылдайды. Заңды тұлғаның жарғысында: онда оның атауы, тұрғылықты орны, оның органдарын құру тәртібі және олардың құзыреті, оның қызметін қайта құру мен тоқтату ережелері белгіленеді. Егер заңды тұлғаны бір адам құрса, онда оның жарғысында мүлікті құру және кірістерді бөлу тәртібі де белгіленеді.

Мемлекеттік кәсіпорындар

1. Мемлекеттік кәсіпорындарға:

- 1) шаруашылық жүргізу құқығына негізделген кәсіпорындар;
- 2) жедел басқару құқығына негізделген (қазыналық кәсіпорын) кәсіпорындар жатады.

2. Мемлекеттік меншіктің түрлеріне қарай кәсіпорындар:

- 1) **республика меншігіндегі кәсіпорындар** - республикалық мемлекеттік кәсіпорындар;
- 2) **коммуналдық меншіктегі кәсіпорындар** - коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар болып бөлінеді.

4 Дәріс: Мәміле институты

Мәміле заңи фактілердің бірі болы табылады. Оның үстіне, азаматтық айналым саласында құқық қатынастарын үздіксіз тудырып, дамыта келе, мәмілелер осындай айналымның серпінді дамуын қамтамасызетіп отырады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодекске сәйкес, азаматтар мен заңды тұлғалардың азаматтық құқықтары мен міндеттерін белгілеуге,

өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған әрекеттері мәміле деп танылады. Демек, субъектілердің мақсатты әрекеттері мәмілелер деп танылады. Олардың тікелей мақсаты азаматтық құқықтарды немесе міндеттерді белгілеу (мысалы, мүлікті сыйға тарту тікелей затқа меншік құқығының сыйға тартушыдан сый алушыға өтуіне бағытталған), мұндай құқықтармен міндеттерді өзгерту (мысалы, тараптар жалға берілген мүлікті қайтару мерзімін ұзарту жөнінде уағдаласты), не, ең ақырында, оларды тоқтау (несие беруші борышқорды берешегін өтеуден босату) болып табылады.

Басқаша, заңға қайшы нәтижелерге жетуге бағытталған, бірақ заңның ұйғарымына байланысты ол да азаматтық құқықтар мен міндеттердің пайда болуына, өзгертуіне немесе тоқтатылуына әкеп соқтыратын іс-қимылдар мінез құлқының өзге актілеріне қарағанда мәмілетің заңдық салдарына мақсатты әсер етуімен көзге түседі. Мысалы, азамат өзінің тұрғылықты жерінен науқас анасын көру үшін басқа қалаға сапар шекті. Мұнда ол біраз болған соң бұрынғы тұрғылықты жеріне оралмауға шешім қабылдады. Анасына сапар шеккенде азамат өзінің бұрынғы тұрып келген мемлекеттік пәтеріне құқығынан бас тарту ниетінде болған жоқ. Бірақ осындай жағдайды көздейтін заңның талабына қарай о